

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 1 беті

**«Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология» кафедрасы
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
6B10106 «Фармация» білім беру бағдарламасы**

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: Fagm 3203-1	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: Фармакология -1	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: биологиялық химия, микробиология, физиология анатомия негіздерімен, латын тілі	1.8	Семестр: 5
1.4	Реквизиттен кейінгі: фармакотерапия, фармацевтикалық демеу, дәрілік заттарды тиімді қолдану дәлелді медицина негіздерімен, фармацияны басқару және экономикасы-1, фармацияны басқару және экономикасы-2	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің сипаттамасы		
Дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері. Рецепттерді толтырудың, рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдары. Дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеу. Орталық және шеткерілік жүйке жүйесіне әсер ететін дәрілер. Химиотерапевтикалық дәрілік құралдар. Дәрілердің жанама әсерлері, алдын алу және түзету жолдары.			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	✓ Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	✓ ОҚТЕ	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Фармакодинамиканың, фармакокинетиканың, фармакогнетиканың, фармакоэкономиканың және дәрілердің өзара әсерлесуінің, дәрілердің жағымсыз әсерлері туралы дәлелді медицинаның ұстанымдары негізіндегі білімдерін ескере отырып, барынша әсері жоғары және қауіпсіз дәрілік құралдарды немесе оларды қиыстырудың әдіснамасын үйрету.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
1ОН	Білімі мен түсінігі Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсетеді. Ол дәрілік заттардың классификациясы мен номенклатурасына бағыттала алады.		
2ОН	Білім мен түсінікті қолдану Дәрілерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, мөлшерлеу режимін анықтайды.		
3ОН	Білім мен түсінікті қолдану Дәрілердің жағымсыз әсерін таниды, дәрілік құралдардың жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды		
4ОН	Тұжырымды қалыптастыру Фармакологиялық топтардағы, буындардағы (генерациядағы) дәрілерді салыстыра алады		
5ОН	Тұжырымды қалыптастыру Дәйектемелерді тұжырымдайды, дәрілік заттардың өзара әсерлесуін бағалайды		
6ОН	Қарым-қатынас дағдылары Мамандар мен мамандандырылмаған адамдарға дәрі-дәрмектер туралы ақпараттар, идеялар, проблемалық шешімдер ұсынады		
7ОН	Оқуға қабілеттілік Дәрі-дәрмектер туралы деректерге дәлелді медицина базасында іздеу жасайды және интерпретациялайды		
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 2 беті

	1ОН 2ОН 3ОН 4 ОН 5 ОН	ОН - 7 Дәрілік заттарды тиісті пайдалану ережелерін: дәрілік заттарды тағайындау, инклюзия қағидаттарын сақтай отырып кәсіби кеңес беру, дәрілік заттардың артықшылықтары, қауіптері және ықтимал қарсы көрсетілімдері туралы аса маңызды ақпаратты ұсынуды меңгерген				
	6 ОН	ОН - 11 Өмір бойы білім алуға бейімді, кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін ғылымдағы, фармациядағы және денсаулық сақтаудағы тұрақты өзгерістер негізінде үздіксіз кәсіби дамудың жеке жоспарын дамыту траекториясын таңдайды.				
	7 ОН	ОН - 12 Аналитикалық және зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту үшін ғылыми білімді қолданады, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізуге қабілетті				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы, Аль-Фараби алаңы 1, 4-ші қабат аудитория № 419, 421,425,429, 431,434, №4 лек.зал					
6.2	Сағаттарының саны	Дәріс 10	Тәжір. сабақ 40	Зерт.сабақ -	БӨЖ 85	ОБӨЖ 15
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы			Электронды адресі	
1	Токсанбаева Жанат Садебековна	ф.ғ.к., профессор м.а., кафедра меңгерушісі			zhanat_2701@mail.ru	
2	Ибрагимова Айгуль Гаффаровна	ф.ғ.к., доцент м.атқарушы			aygul_ibr@mail.ru	
3	Абуова Гульнара Турганбаевна	б.ғ.к., доцент м.атқарушы			abuova@mail.ru	
4	Корғанбаева Зауре Сарыбаевна	б.ғ.к., доцент м.атқарушы			Korganbaeva055 mail.ru	
5	Сырманова Нургуль Рахмановна	м.ғ.м., аға оқытушы			n_rakchman@mail.ru	
8.	Тақырыптық жоспар					
Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технология-сының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Дәріс. Кіріспе. Фармакология туралы түсінік. Дәрілердің фармакодинамикасы мен фармакокинетикасы.	Фармакология ғылыми пән ретінде және оқыту пәні. Фармакологияның фармациямен, токсикологиямен және медико-биологиялық пәндермен байланысы. Даму тарихы, жетістіктері және перспективалары. Фармакологияның анықтамасы, мазмұны және негізгі міндеттері. Фармацевтерді дайындаудың жалпы жүйесіндегі фармакологияның мәні, оның басқа медициналық және биологиялық ғылымдар арасындағы орны. Жаңа дәрілерді	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

		ізвестірудің ұстанымдары. Биотехнология негізіндегі дәрілерді құру (жасушалық және гендік инженерия). Жалпы фармакологияның анықтамасы және міндеттері. Дәрілердің фармакокинетикасы, анықтамасы, мазмұны. Фармакокинетиканың негізгі параметрлері. Дәрілердің фармакодинамикасы, анықтамасы және мазмұны.				
	Тәжірибелік сабақ. 1. Жалпы фармакология. Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасының негіздері. Фармакокинетиканың негізгі параметрлері.	Жалпы фармакологияның анықтамасы және міндеттері. Дәрілік заттардың фармакокинетикасы. Дәрілік заттарды енгізу жолдары. Дәрілік заттардың Фармакодинамикасы. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі. Дәрілік заттардың жағымсыз әсер ету түрлері.	ОН 1 ОН 2	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша талқылау, рецепт жазу, дозаны есептеу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы. Дәрілік заттардың әсер етуінің ағзаның қасиеттеріне тәуелділігі. Фармакологиялық тәуелділік дәрілік зат қасиеттерінің әсері және оларды қолдану шарттары. 2. БӨЖ тапсырмасы. Биоритмдердің дәрілік заттардың әсеріне әсері. Хронофармакология туралы түсінік. Фармакогенетика туралы түсінік	1. Дәрілік заттардың әсер етуінің ағзаның қасиеттеріне тәуелділігі. Қасиеттердің дәрілік заттардың химиялық құрылымына, физикохимиялық және физикалық қасиеттеріне тәуелділігі. Дозалар мен концентрациялар. Дәрілік заттарды қайта қолдану. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі. 2. Хронофармакология туралы түсінік. Хронофармакокинетика және хронофармакодинамика. Фармакогенетика туралы түсінік. Негізгі терминдер.	ОН 1 ОН 5	7	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
2	Дәріс. Эфферентті иннервацияға әсер ететін дәрілер. Холинергиялық дәрілер.	Холинергиялық иннервацияға әсер ететін дәрілер. Жіктелуі. Әсер ету механизмі және негізгі эффектілері. Препараттардың	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

ONȚUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 4 беті

		салыстырмалы сипаттамасы.				
	Тәжірибелік сабақ. Рецептураға кіріспе. Жалпы рецептура. Қатты, жұмсақ және сұйық дәрілік түрлер	Рецепт, бұл дәрігер мен фармацевтің қызметіндегі негізгі құжаттардың бірі ретінде. Дәрілерді жазу ережелерін шектететін негізгі нормативті құжат. Рецепттерде дәрілік түрлердің жазылу ережелері.	ОН 1	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецепттер жазу
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы. Аферентті иннервацияға әсер ететін дәрілер	1.Афферентті жүйкелер бойынша сезімтал жүйке ұштарын және/ немесе қозудың өтуін тежейтін заттар. Әсері қуаттандырғыш типті дәрілер. Анықтамасы. Дәрілердің жіктелуі. Негізгі эффектілері мен әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы	ОН 1 ОН 6 ОН 7	7	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
3	Тәжірибелік сабақ. Холиномиметикалық дәрілер. М-холиноблокаторлар	М-Н-холиномиметиктер, антихолинэстеразды дәрілер, М-холиномиметиктер. Мускариннің уытты әсері уланудың емі. Н –холиномиметиктер. М-холиноблокаторлар. Ганглиоблокаторлар. Миорелаксанттар. Жіктелуі, әсер ету механизмі.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецепттер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы. Пуринергиялық синапстарда қозудың берілуіне ықпал ететін дәрілер. Дофаминергиялық синапстарда қозудың берілуіне ықпал ететін дәрілер	Пуринергиялық синапстарға әсер ететін дәрілер. Пуринді рецептердің түрлері. Орталық әсерлі дофаминергиялық. Тікелей емес әсерлі дофаминергиялық. Дофаминдік рецепторларды тежейтін дәрілер.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
4	Дәріс. Эфферентті иннервацияға әсер ететін дәрілер. Адренергиялық дәрілер.	Дәрілік заттардың жіктелуі. Адренергиялық құралдардың әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Препараттардың салыстырмалы	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 5 беті

		сипаттамасы және қолданылуы.				
	Тәжірибелік сабақ. Адренергиялық дәрілер. Адреномиметикалық дәрілер. Адреноблокаторлар.	Адренергиялық синапстың құрылысы. Жіктелуі. Адреномиметикалық дәрілер. Фармакологиялық эффектілері. Қолданылуы. Адреноблокаторлық дәрілер.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы. Этил спирті. Алкоголизмнің әлеуметтік аспектілері. 2. БӨЖ тапсырмасы. Ұйықтататын дәрілер. Эпилепсияға қарсы, тырысуға қарсы, паркинсонизмге қарсы дәрілер.	1.Алкоголизмнің әлеуметтік – психологиялық аспектілері. Алкогольді тәуелділіктің дамуына алып келетін факторлар. Медициналық анықтамасы. Этиологиясы, патогенезі (аурудың дамуы), аурудың стадиялары. Тәуелділік синдромы, доғару жағдайы. Алкоголизм кезіндегі денсаулықтың бұзылысы. 2. Эпилепсияға қарсы дәрілер. Эпилепсия түрлерінің фармакотерапиясының негізгі ұстанымдары. Паркинсонизмге қарсы дәрілер. Классификация и фармакологическая характеристика лекарственных средств.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
5	Дәріс. Анальгетиктер. Ұйықтататын дәрілер.	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы .	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Психотропты дәрілер. ОЖЖ тежеуші әсер ететін дәрілер.	ОЖЖ тежейтін заттар: нейролептиктер, транквилизаторлар, нормотимиктер, седативтер. Дәрілік заттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Препараттардың салыстырмалы	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

		сипаттамасы және қолданылуы.				
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы. Наркоздық дәрілер. 2. БӨЖ тапсырмасы. Дәрілік тәуелділік тудыратын құралдар.	1. Наркозға арналған дәрілер. Наркозға арналған дәрілердің жіктелуі. Наркоздың даму жылдамдығы, әсер ету ұзақтығы бойынша салыстырмалы сипаттамасы. 2. Дәрілік тәуелділік тудыратын құралдар. Дәріге тәуелділіктің түрлері.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
6	Тәжірибелік сабақ. Психотропты дәрілер. ОЖЖ ынталандырушы әсер ететін дәрілер.	ОЖЖ ынталандыратын дәрілер: антидепрессанттар, психостимуляторлар, ноотропты дәрілер. Дәрілік заттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы.	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы. Дәрілік тәуелділік тудыратын құралдар 2. БӨЖ тапсырмасы. Актопротекторлар.	1. Дәрілік тәуелділік тудыратын құралдар. Дәріге тәуелділіктің түрлері. Наркозға арналған дәрілер. Наркозға арналған дәрілердің жіктелуі. Наркоздың даму жылдамдығы, әсер ету ұзақтығы бойынша салыстырмалы сипаттамасы. 2. Актопротекторлердің фармакологиялық сипаттамасы. Актопротекторлердің фармакологиялық сипаттамасы. Жалпы тонусты қуаттандыратын препараттардың жіктелуі. Қолдану көрсеткіштері. Жалпы тонусты қуаттандыратын препараттардың енгізу жолдары. Болуы мүмкін жанама әсерлер.	ОН 5 ОН 6 ОН 7	7	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 7 беті

7	Дәріс. Психотропты заттар.	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Иммундық процестерге әсер ететін дәрілер. Қабынуға қарсы препараттар.	Қабынуға қарсы, аллергияға қарсы, иммунодепрессивті әсері бар заттар. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. Глюкокортикоидтардың салыстырмалы сипаттамасы. Қабынуға қарсы стероидты емес дәрілер (ҚКСД). ҚКСД салыстырмалы сипаттамасы.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. «Жалпы рецептура, жалпы фармакология. Шеткерілік жүйке жүйесіне әсер ететін дәрілер. ОЖЖ әсер ететін дәрілер» бойынша аралық бақылау	Билет бойынша бағдарламаланған бақылау сұрақтарына жауап беру	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 7	1	Билеттер	Жазбаша және ауызша жауап
8	Дәріс. Иммундық процестерге әсер ететін дәрілер. Қабынуға қарсы препараттар. Аллергияға қарсы дәрілер.	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Аллергияға қарсы дәрілер.	Спецификалық және спецификалық емес гипосенсибилизация туралы түсінік. Аллергияға қарсы құралдардың жіктелуі. Жедел түрдегі жоғары сезімталдық кезінде қолданылатын құралдар. H1-гистаминоблокаторлардың салыстырмалы сипаттамасы. Аллергиялық реакциялар медиаторларының босатылуына жол	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 8 беті

		бермейтін препараттар. олардың салыстырмалы бағасы.				
	ОБӨЖ. 1.БӨЖ тапсырмасы Иммундық жүйеге әсер ететін дәрілер.	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
9	Тәжірибелік сабақ. Микробқа қарсы дәрілер. Антисептикалық және дезинфекциялық дәрілер	Қанның реологиялық қасиеттеріне әсер ететін дәрілер. Антикоагулянттар. Антиагреганттар. Фибринолитиктер. Жіктелуі. Негізгі фармакологиялық эффектілері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. Қарама-қарсы көрсеткіштері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. Туберкулезге қарсы дәрілер.	Туберкулезге қарсы, вирусқа қарсы дәрілердің жіктелуі. Микробқа қарсы әсерінің механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы. Жанама әсерлері.	ОН 6 ОН 7	5	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
10	Дәріс. Антибиотиктер (I бөлім)	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы. Жанама әсерлері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Микробқа қарсы дәрілер. Антибактериалды заттар. Бета-лактамы антибиотиктер	Бета лактамы антибиотиктер. Микробқа қарсы әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы Сульфаниламидті	Микробқа қарсы әсер ету механизмі мен спектрі. Жіктелуі. Препараттардың	ОН 6 ОН 7	6	Презентация, тақырып бойынша тест	Презентация қорғау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 9 беті

	дәрілер	салыстырмалы сипаттамасы. Қолдану. Мүмкін асқынулар, олардың алдын-алу. Триметропиммен біріктірілген препараттар. Өрекет ету және қолдану ерекшеліктері. Салазоқосылыстар, олардың әсері және қолданылуы. Жанама әсерлері.			тапсырмаларын құрастыру	
11	Дәріс. Антибиотиктер (II бөлім)	Антибактериалды дәрілер. Макролидтер. Тетрациклин дер. Аминогликозидтер. Левомецетиндер. Линкозаминдер. Анзамицин және антибиотиктердің басқа топтары. Спектрлер және әсер ету механизмі. Құрылысы. Негізгі және резервтік антибиотиктер.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Антибиотиктер (II бөлім)	Антибактериалды агенттер. Макролидтер. Тетрациклин дер. Аминогликозидтер. Левомецетиндер. Линкозаминдер. Анзамицин және антибиотиктердің басқа топтары. Спектрлер және әсер ету механизмі, құрылысы. Негізгі және резервтік антибиотиктер.	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы. Химиялық құрылысы әр түрлі синтетикалық антибактериялық дәрілер	Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Өрекет спектрі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері және жанама әсерлері.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
12	Тәжірибелік сабақ. Гельминттерге қарсы заттар	Құрттарға қарсы дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы. Жанама әсерлері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Педикулезге қарсы	Педикулезге қарсы дәрілер. Әсер ету механизмі. Қолдану,	ОН 6 ОН 7	6	Презентация, тақырып бойынша тест	Презентация қорғау

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 10 беті

	дәрілер. 2. БӨЖ тапсырмасы Қотырға қарсы заттар.	қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлер. Қотырға қарсы дәрілер. Қолдану, қолдануға қарсы көрсеткіштері, жанама әсерлер.			тапсырмалары н құрастыру	
13	Дәріс. Вирусқа қарсы дәрілер.	Вирусқа қарсы құралдар. Жіктелуі. Механизмі. Интерферондардың биологиялық маңызы, қасиеттері және қолданылуы.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Вирусқа қарсы дәрілер.	Вирусқа қарсы құралдар. Жіктелуі. Механизмі. Интерферондардың биологиялық маңызы, қасиеттері және қолданылуы. ЖИТС емдеу құралдары. Әсер ету спектрінің ерекшеліктері және қолдану көрсеткіштері. Covid-19 (SARS-CoV-2 вирусының қоздырғышы)емдеуде қолданылатын препараттар	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы Бластомаға қарсы дәрілер.	Жіктелуі, әсер ету механизмі. Препараттардың ісікке қарсы әсері спектрінің ерекшеліктері. Моноклоналды антиденелер. Протеинкиназаның ингибиторлары. Қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлер, қарсы көрсеткіштер.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмалары н құрастыру	Презентация қорғау
14	Дәріс. Саңырауқұлақтарға қарсы дәрілер.	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Саңырауқұлақтарға қарсы дәрілер.	Дәрілердің жіктелуі. Негізгі эффектілері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама эффектілері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 11 беті

	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы. Радиопротекторлар	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру	Презентация қорғау
15	Тәжірибелік сабақ. Протозойға қарсы дәрілер.	Протозойға қарсы дәрілер. Жіктелуі. Негізгі эффектілері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама эффектілері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. Тақырып бойынша аралық бақылау	Билет бойынша бағдарламаланған бақылау сұрақтарына жауап беру	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 7	1	Билеттер	Жазбаша және ауызша жауап
	Сағат саны			135		
	Аралық аттестацияға дайындық және жүргізу			15		
	Пәннің жалпы сағат саны			150		
9.	Оқыту және сабақ беру әдістері					
9.1	Дәріс	шолу; дәріс-презентация немесе мәтіндік материал түріндегі шолу дәрісі.				
9.2	Тәжірибелік сабақ	шағын топтарда жұмыс				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	презентация, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру				
9.3.1	Жобалық жұмыс	жобалық жұмыс: Қазақстанның оңтүстігінде өсетін дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық қасиеттерін зерттеу				
9.4	Аралық бақылау	жазбаша және ауызша жауап (пән сұрақтары бойынша билеттер); жобалық бағытта оқытуға қатысатын білім алушылар үшін жоба бойынша аралық есеп (№1 аралық бақылау), толық есеп (№2 аралық бақылау);				
10.	Бағалау критерийлері					
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері					
ОН №	Оқыту Нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы	
ОН1	Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы , олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін	1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына бағыттала алмайды. 2) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен	1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына бағыттала алмады. 2) Дәрілерді қолдану бойынша нұсқаулар мен анықтамалық	1)Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 2) Дәрілік заттардың фармакокинет	1) Дәрілік заттардың әр түрлі жіктелуі мен номенклатурасына бағыттала алады. 2)Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 3) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы	

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 12 беті

	көрсетеді. Ол дәрілік заттардың классификациясы мен номенклатурасына бағыттала алады.	фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алмайды.	материалдар бойынша фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады.	икасы мен фармакодинамикасы, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 3) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының болуы мүмкін жанама әсерлері туралы ескертеді. 4) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының өзара әсерлесуі туралы ескертеді.	мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 4) Дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлерін тани алады және жанама әсерлердің алдын алу мен түзету жолдарын біледі. 5) Дәрілердің уытты әсерлерінің болу мүмкіндігін бағалайды. 6) Дәрілік заттарды фармакологиялық топтарда, генерацияларда (буындарында) фармакокинетикалық және фармакодинамикалық параметрлері бойынша салыстырады.
ОН2	Дәрілерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, мөлшерлеу режимін анықтайды.	1) Дәрілік заттардың жалпы фармакологиялық тобын анықтайды. 2) Рецептті қателіктермен жазады	1) Дәрілік заттардың фармакологиялық тобын мүшелер мен жүйелер бойынша таңдайды 2) Анықтамалық әдебиеттерді/көздерді пайдалана отырып рецепт жазады	1) Ең жиі кездесетін ауруларды емдеу және алдын алу үшін дәрілік құралдарды таңдайды. 2) Берілген дәріге рецептті қатесіз жазады. Препараттың дозасын есептейді.	1) Қолдану көрсеткіштеріне, қарама қарсы көрсеткіштеріне және жанама әсерлеріне қарай әртүрлі фармакологиялық топтардан дәрілерді таңдайды. 2) Жасына, жынысына, функционалдық ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дәрілік препаратқа рецепт жазады. 3) Әртүрлі әдістермен дозаларды есептеуді жүзеге асырады және препаратты қолдану жиілігі мен ұзақтығын анықтайды.
ОН 3	Дәрілердің жағымсыз әсерін таниды, дәрілік құралдардың	1) Дәрілердің жанама әсерлерін анықтамайды.	1) Дәрілік құралдардың жанама әсерлерін тек анықтамалық	1) Фармакологиялық топқа байланысты дәрілік	1) Дәрілік құралдардың жағымсыз әсерлерін таниды, жанама әсерлерінің алдын

OŇTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/
«Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		20 беттің 13 беті

	жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды		материал негізінде анықтайды.	заттардың жағымсыз әсерін таниды	алады және түзетеді.. Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды
ОН4	Фармакологиялық топтардағы, буындардағы (генерациядағы) дәрілерді салыстыра алады	1) Дәрілік құралдардың фармакологиялық топтарында бағыттала алмайды.	1) Дәрілік құралдарды тек анықтамалық материал негізінде салыстырады.	1) Дәрілік құралдарды ң жекелеген топтары мен топшаларындағы дәрілерге салыстырмалы фармакологиялық сипаттама береді.	3) Ең тиімді және қауіпсіз препаратты таңдау үшін әртүрлі фармакологиялық топтардағы, топшалардағы, буындардағы дәрілердің фармакокинетикалық және фармакодинамикалық көрсеткіштерін, фармакологиялық қасиеттерін салыстырады, талдайды.
